

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Орал қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Уральское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ L.13.X.KZ22VWF00144486
Дата: 07.03.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
"Laurus" балабақша-гимназия

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 28.02.2024 18:31:45 № KZ43RYS00562488**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **"LauRus 2019" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БҚО, Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі, 14/1**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

мектепке дейінгі білім беру.

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

Мектепке дейінгі білім беру

4. Жобалар, материал дарезірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены))

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **№ KZ43RYS00562488 28.02.2024ж өтініші**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются)

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (кызметке,



үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

Субъектінің сипаттамасы: «Laurus-2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысы Бижанова Г.Н. тұрғын үйдің жеке меншік иесі.

Занды мекенжайы: Орал қ, Қарашығанақ көшесі, 14/1. Нысанның салынған жылы-1995 жыл.

"Laurus" балабақша-гимназиясы, БҚО, Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі, 14/1 мекен-жайы бойынша жеке тұрған 2 қабатты бейімделген ғимаратта орналасқан.

«Laurus-2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, басшысы - Бижанова Г.Н., БСН 190940023662, e-mail: laurus_07@mail.ru, телефон - 87472928107.

Субъектінің бастапқы тіркеу күні- 20.09.2019 ж.

Қызмет саласы мен түрі: мектепке дейінгі білім беру. "Laurus" балабақша-гимназиясы 53 балаға - 3 топқа есептелген.

Объектінің орналастыру сипаттамасы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 11.01.2022 ж. №ҚР ДСМ-2 "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі білім беру объектісі жіктелмейді.

Объект аумағының сипаттамасы: Балабақша алаңында негізгі, шаруашылық және ойын алаңдары қарастырылған. Балабақша аумағына кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдар асфальтпен және төсеніштермен жабылған, тазалау үшін қол жетімді. Балабақша аумағы барлық периметр бойынша зақымсыз қоршалған.

Ойын алаңында күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін ауданы - 20 шаршы метр болатын 3 жағынан қоршалған бір көлеңкелі қалқа және екі құрастырмалы қалқалар көзделген. Көлеңкелі қалқаның едені ағаштан жасалған. Серуендеу

алаңында балалар үшін жылдың ыстық уақытында пайдалануға құмсалғыш орнатылған. Серуендеу бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, өткір шығыңқы жерлері мен кемшіліктері жоқ. Бір қоқыс жинағыш шаруашылық алаңында, 3 жағынан қоршалған, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді су өткізбейтін жабыны бар алаңда орнатылған тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған. Қоқыс жинағыш (контейнер) уақытылы тазаланады, жуылады және дезинфекцияланады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету үшін келісім шарт жасалған. Балабақша аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ нысандар орналастырылмаған. Балабақша аумағы және оған іргелес қоршау аумағы таза ұсталады. Балабақша үй жайларының жиынтығы, құрамы және ауданы: Бірінші қабатында 5 жастағы 12 балаға арналған бірінші тобы орналасқан: бір үй-жайда біріктірілген ойын және жатын бөлмелері- 38,3 ш.м., киім шешетін бөлмесі-21,04 ш.м., онда балалардың сыртқы киімдері мен аяқ киімдеріне арналған шкафтар, орындықтар орнатылған. Санитарлық торап (бірінші топ) - 3,0 ш.м., ас блогы -30,14 ш.м, қойма - 2,73ш.м., медициналық кабинет - 6,0 ш.м, персоналға арналған санитарлық торап - 1,4 ш.м., тамбур-4,46ш.м., дәліз - 9,48 ш.м, қойма-1,7ш.м., тамбур-4,4ш.м., акт залы-19,7ш.м., дәліз-4,03ш.м., бөлме-14,53ш.м., пеш бөлмесі - 7,76ш.м. Екінші қабатында 5 жастағы 17 балаға арналған екінші тобы орналасқан: бір үй-жайда біріктірілген ойын және жатын бөлмелері - 51,58 ш.м., киім шешетін бөлмесі-16,03 ш.м., онда балалардың сыртқы киімдері мен аяқ киімдеріне арналған шкафтар, орындықтар орнатылған, 5 жастағы 24 балаға арналған үшінші тобы орналасқан: бір үй-жайда біріктірілген ойын және жатын бөлмелері - 74,9 ш.м, екінші топтың санитарлық торабы-4,8ш.м., үшінші топтың санитарлық торабы - 4,8 ш.м, тамбур-4,4ш.м., лоджия-2,0ш.м. Үй-жайлар функционалдық мақсаттарына сәйкес пайдаланылады.

Ас блогының сипаттамасы: шикізаттың, шикі және дайын тамақ өнімдерінің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарсы ағындарын, сондай-ақ персоналдың қоғамдық тамақтандыру өнімдерін дайындауға қатысатын қарсы қозғалысты болдырмайтын технологиялық процестердің ағыны сақталады.

Ас блогына мыналар кіреді: Үй-жайлар жиынтығы: ас блогы, мамандандырылған аймақтар, қойма үй-жайлары. Ас блогында 4 көзді 1 газ плитасымен, 2 шикі және дайын өнім үшін кесу үстелдерімен және нан үстелі, нан сақтауға арналған шкаф, 1 тоңазытқыш, тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтауға арналған 1 мұздатқыш камерасымен,асүй ыдыстарымен, температураны бақылау үшін термометрлермен жабдықталған. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған шкафтар, сөрелер, үстелдер, ас үй ыдыстарын жууға арналған 1 секциялық раковина, шикі өнімдерді жууға арналған 1 раковина, асүй ыдыстарын жууға арналған 2 секциялық раковина, кептіргіштер, ас блогындағы ыдыстарды сақтауға арналған сөрелер, қол жууға арналған 1 раковина қарастырылған. Технологиялық жабдықтар, мүкәммал, ыдыстар таңбаланған және талаптарға сәйкес келеді. Тамақ шикізаты мен дайын тамақ өнімдерін өңдеу мамандандырылған аймақтарда бөлек жүргізіледі. Азық-түлік сатып алу 2-3 күннен аспайды. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделген. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылған. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде санитарлық норма талаптарына сай сақталады. Кесу құралдары, ас блогы ішіндегі жабдықтар мен



ас үй ыдыстары жеткілікті мөлшерде таңбаланған. Жұмыртқаны сақтау үшін арнайы таңбаланған ыдыс бар. Жұмыртқа арнайы бөлінген орында таңбаланған сыйымдылықтарда өңделеді. Ас блогы ыдыстарын кептіру және сақтау шарттары бар.

Қоймада ағымдағы күнгі тез бұзылмайтын тамақ өнімдерін, сусымалы өнімдерді, жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау үшін тоңазытқыш жабдығымен, тұғырықтармен, шкафпен, стеллаждармен жабдықталған. Өнімдердің сақтау тәртібі реттелген, арнайы көкөністерді және сусымалы өнімдерді сақтайтын орындар қарастырылған. Технологиялық жабдықтар, мүкәммал, ыдыстар таңбаланған және талаптарға сәйкес келеді. Азық-түлік шикізатының, тұтынуға дайын тамақ өнімдері бар жартылай фабрикаларды қабылдау, сақтау, қайта өңдеу, өндіру, өлшеп орау, тасымалдау, сақтау, өткізу және кәдеге жарату шарттары, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, сақтау шарттары мен жарамдылық мерзімдерін, тауар көршілестігін сақтай отырып жүзеге асырылады.

Балалардың тамақтандырылуы өз топтарында үстелдер мен орындықтар және әр балаға жеке ыдыс аяқ көздерімен жабдықталған.

Балабақшаның санитарлық-тұрмыстық үй-жайлары.

Санитарлық - тұрмыстық үй-жайларда (дәретхана, санитарлық торап) қабырғалар, санитариялық қағидаларға сәйкес келеді, су өткізбейтін материалдар, еден жабыны жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен тазалауға мүмкіндік беретін кафель пайдаланылады. Барлық үй-жайлар мен жабдықтар таза ұсталады. Бірінші топқа арналған санитарлық торапта балаларға арналған 3 дәретхана, қол жууға арналған 2 раковина, екінші топтың санитарлық торабында балаларға арналған 3 дәретхана, қол жууға арналған 3 раковина, үшінші топтың санитарлық торабында балаларға арналған 3 дәретхана, қол жууға арналған 2 раковина, барлық дәретханалар қоқыс жинауға арналған урна және балалар сүлгілеріне арналған таңбаланған жеке ұяшықтары бар қабырға ілгіштері қамтамасыз етілген. Персоналға арналған санитарлық торапта 1 дәретхана, 1 жуу раковинасы, қолды кептіруге арналған құрал, қоқыс жинауға арналған урна орнатылған. Санитарлық - техникалық жабдықтар жұмыс жағдайында.

Денсаулық сақтау объектілерінің сипаттамасы. Балабақшада медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілген. Медициналық кабинет бірінші қабатта орналасқан. №5 қалалық емханасы ШЖҚ МКК-мен шарт жасалған. Медициналық кабинет "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығының 9- қосымшасына сәйкес жабдықталған.

Медициналық кабинетте қолды жууға арналған 1 раковина орнатылған, жеке гигиена шарттары сақталады.

Сумен жабдықтау сипаттамасы. Объектіде орталықтандырылған шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау көзделген. Ыстық сумен жабдықтау үшін «Текна» (жылу қуаты 26кВт, көлемі 14л) электр су жылытқышы орнатылған. Ыстық және суық су барлық жуу ванналарына, раковиналарға жеткізілген. Су үлгісінің микробиологиялық зерттеу №1240002002049462/83 19.02.2024ж. хаттамасы негізінде гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу №1240001012049429/83 19.02.2024ж. хаттамасы негізінде гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді. Балабақшада ауыз су режимі ұйымдастырылған. Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдыстар (шыны, фаянс ыдыс немесе бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар немесе бір рет қолданылатын ыдысты жинау үшін урналар бөлінген. Ауыз суға арналған сыйымдылықтар басқа мақсаттарда пайдаланылмайды.

Суды бұру сипаттамасы. Кәріз жүйесі орталықтандырылған. Су бұру жүйесі барлық қондырғыларға орнатылған, жұмыс жағдайында.

Жылумен жабдықтау сипаттамасы. Жылумен жабдықтау автономды қарастырылған. Жылыту кезеңінде ауаның температурасы адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін сәйкес айқындалады. Топтарда жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған.

Жарықтандыру сипаттамасы. Жарықтандыру терезелер есебінен табиғи және жарықдиодты шамдар есебінен жасанды, жарамды күйде. Балабақша аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған. Балабақшаның үй жайларында жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған. Балабақшаның үй-жайларындағы бөлмелерде жасанды жарықтандыру бір үлгідегі шамдар қолданылады.

Жарықты өлшеу №1240001002049230/36 15.02.2024 ж. хаттамасы негізінде гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

Желдету және ауа баптау сипаттамасы. Желдету жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптары сақталады. Балабақша барлық үй-жайларында терезе саңылаулары арқылы табиғи желдету қарастырылған (ойын және жатын бөлмелері, шешінетін бөлмелер, жуынатын бөлме). Терезелердің конструкциясы жылдың кез келген уақытында балалардың болуына арналған үй-жайларды желдету



мүмкіндігін көздейді. Өтпелі немесе бұрыштан желдету балалар болмаған кезде жүргізіледі. Өтпелі желдету дәретхана үй-жайлары арқылы өткізілмейді.

Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары орнатылған.

Метеорологиялық факторларды өлшеу 15.02.2024 ж. №1240001002049275 хаттамасы негізінде гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді. Электромагниттік өрісті өлшеу (ЭМӨ ЭСӨ) 15.02.2024 ж. №1240001002049286/13 хаттамасы негізінде гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, шеткалар, шүберектер) таңбаланады және олар жекелеген үй-жайларға бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда сақталады. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес үй-жайларды, жабдықтарды, мүкәммалды, ыдыстарды жуу және дезинфекциялау үшін арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Кір жууға 12.02.2024 ж. №020 "Гроссмейстер" ЖШС химичисткасымен шарт жасалған. Үй-жайларды, жабдықтарды, мүкәммалды, ыдыстарды жуу және дезинфекциялау үшін жағдайлар бар.

Үй-жайларды ішкі әрлеу сипаттамасы. Балабақша бөлмелері, қалыпты режимде жұмыс істейтін үй-жайларының қабырғалары, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, бұл дымқыл әдіспен тазалауға мүмкіндік береді. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық кабинет, ас блогы, санитариялық тораптар, жуыну орындар) қабырғалары 1,5 м биіктікте жуу немесе дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін материалдармен қапталған. Ас блогы, персонал мен топтарға арналған санитарлық тораптардың еден жабыны - кафель, шешінетін бөлмелерде, ойын және жатын бөлмесінің бір үй - жайларында, медициналық кабинетте ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға мүмкіндік беретін паркет жабыны төселген. Барлық үй- жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз, механикалық зақымданбаған.

Жиһаз бен жұмсақ мүкәммалдың сипаттамасы. Ойын алаңдарындағы жабдықтарды қоса алғанда, жиһаз және жабдық балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында. Балалардың киім шешетін бөлмесі сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен, сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған. Топтардың жатын бөлмелері жеке жылжытылатын кереуеттермен жабдықталған. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жиынтығы көзделген. Қатты мүкәммал қорларын сақтау үшін орын көзделген. Төсек жабдықтары, әр балаға арналған сүлгілер жеке- жеке бөлінген.

Жұмыс жағдайында 2 бактерицидтік сәулелендіргіш бар. Салқын тағамдарды дайындау үшін және медициналық кабинетте жылжымалы бактерицидтік сәулелендіргіштер қолданылады. Орнату орны, өңдеу, пайдалану режимі мен ережелері, бактерицидті сәулелендіргіштердің жұмыс уақытын есепке алу пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қамтамасыз етіледі.

Температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін өлшеу аспаптары ойын жатын бөлмелерінде, медициналық кабинетте, қоймада, тоңазытқышта - термометрмен жабдықталған, барлығы жұмыс күйінде.

Балабақша үй-жайлары мен аумағында темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді

тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салынады.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Су үлгісінің микробиологиялық зерттеу №1240002002049462/83 19.02.2024ж. хаттамасы, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу № 1240001012049429/83 19.02.2024ж. хаттамасы, жарықты өлшеу № 1240001002049230/36 15.02.2024 ж. хаттамасы, метеорологиялық факторларды өлшеу 15.02.2024 ж.



11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	--

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

"Laurus" балабақша-гимназия

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы, ҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ -59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары, ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы. "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай **сай (соответствует)**

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Орал қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Орал Қ.Ә., көшесі Дина Нұрпейісова, № 19 үй



Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Уральское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Уральск Г.А., улица Дины Нурпеисовы, дом № 19

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Дүйсегалиева Гаухар Муксиновна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

